



Ғалым МҰТАНОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры:

Құрметті ҚазҰУ арулары мен аяулы аналар! Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Көгілдір көктемнің шуақты күндерімен ілесе келетін осынау күн елімізде ананы құрметтеу, ұлықтау мейрамы ретінде игі дәстүрге айналды. Ана – дүниедегі ең қымбат, ең қасиетті ұғым. Батыр да, ақын да, ең кемеңгер дана да анадан туады. Қыздарымызды инабатты әрі кішіпейіл етіп тәрбиелеуде, ұлдарымыздың бойына қайсарлық, өрлік, өжеттілік пен ерлікті сіңіруде ана тәрбиесінің рөлі ерекше. Ұрпақ тәрбиесінде ұлттық білім мен ғылымның киелі ордасы университетіміздің сіңірген еңбегі ерен. Ұлағатты ұстаздарымыз ұл-қыздарымызға жан-жақты сапалы білім беріп қана қоймай, саналы тәрбие беру жолында да аянбай еңбек сіңіріп келеді. Олар жастардың бойындағы патриоттық сезімді, өз ұлтына, салт-дәстүрге, еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті, намыс, қажырлылық пен қайраттылықты шыңдауда. Бұл ретте университетіміздегі әйелдер қауымының қызметі аса жауапты да қастерлі.

Әсемдік пен нәзіктік атаулыны бойына жинаған студент қыздарымыз бен қадірлі ұстаздарымызды және отбасының ұйытқысы болып қана қоймай, мемлекеттік қызметке, саясатқа және қоғамның тағы басқа салаларына белсене араласып, абыроймен қызмет етіп жүрген барша әйелдер қауымын осы ғажайып мерекемен құттықтаймын! Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке, қызметте табыс тілеймін!

ҚАЗҰУ-ДА

ЖАҢАШЫЛДЫҚ КӨП

Кешегі ректорат мәжілісі дәстүрлі алғысхаттар мен дипломдар табыстау рәсімінен бастау алды.

Бас ғалым хатшы Ләззат Маратқызы таныстырған марапат иелері ішінен ректор Ғалым Мұтанұлы қосдипломдық білім беру бағдарламасының түлектеріне арнайы тоқталып өтті. «Бұл студент ғана емес, университет үшін де үлкен жетістік. Қосдипломдық білім беру бағдарламасының іске асуы – біздің кәсіби деңгейіміздің дәлелі», – деді ректор. Аталмыш бағдарлама аясында «қаржы» мамандығының түлегі Шыңғыс Жұмағұлов пен «мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының 4 курс студенті Азат Қамағазынов Страсбург университетінің дипломын иеленіп отыр. Олар сапалы білім мен тәлімді тәрбие берген оқытушылар қауымына рахмет айтып, зор мүмкіндікке жол ашқан университетке ризашылықтарын білдірді.

Ректорат отырысында күн тәртібіндегі сұрақтар қаралған тұста Фараби оқуларын университеттік деңгейде қолға алу бастамасы таныстырылды. Жыл сайын ұйымдастыру жоспарланып отырған «Фараби оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы жайлы Бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев баяндады. Оның негізінде ұлы ғалым мұраларын насихаттау, заманауи қазақстандық қоғамның рухани-адамгершілік және интеллектуалды мәдениетін байыта түсу идеясы жатыр. Сонымен қатар Бірінші проректор «Al-Farabi University Smart City» брендин елімізде және шетелдерде таныту, «Фараби оқуларын» өткізудің жаңа үлгісін қалыптастыру мақсаты көзделіп отырғанын айтты.

Жалғасы 2-бетте

В КАЗНУ ОТКРЫТ ГЛОБАЛЬНЫЙ ХАБ ПРОГРАММЫ ООН

В КазНУ им. аль-Фараби состоялось торжественное открытие Глобального хаба Программы ООН «Академическое влияние». Почетными гостями мероприятия стали Посол по особым поручениям МИД РК, первый Постоянный представитель РК при ООН А. Арыстанбекова, представитель Департамента общественной информации Секретариата ООН в РК В. Самек, руководители диппредставительства зарубежных стран в Алматы. Церемонию открыл ректор КазНУ академик Г. Мутанов, в презентации хаба приняли участие ученые, преподаватели и студенты университета. Мероприятие было приурочено к одной из знаменательных дат в истории нашей страны 22-летию со дня вступления Казахстана в ООН.

«В своем Послании «Казахстанский путь-2050: единая цель, единые интересы, единое будущее» Президент РК подчеркнул необходимость укрепления главных ценностей национальной идеи «Мәңгілік Ел». Среди них важное место занимает национальная безопасность и участие нашей страны в решении общемировых и региональных проблем. Инициатива ООН по созданию хаба UNAI в КазНУ будет способствовать продвижению идеи Главы государства по усилению роли Казахстана как одной из ключевых фигур в международном процессе решения глобальных проблем и превращению города Алматы в региональный хаб многосторонней дипломатии», – отметил ректор КазНУ Ғалым Мутанов, открывая мероприятие.

По случаю знаменательного события Генеральный Секретарь ООН Пан Ги Мун, Председатель Сената Парламента РК Касым-Жомарт Токаев, Постоянный представитель РК при ООН, Чрезвычайный и Полномочный Посол Кайрат Абдрахманов направили приветственные письма участникам мероприятия.

Они отметили значимость и актуальность программы ООН «Академическое влияние», а также выразили благодарность коллективу КазНУ за его вклад в решение проблем устойчивого развития через образование и развитие международного сотрудничества.

«Программа ООН «Академическое влияние» служит диалоговой площадкой для обмена мнениями, идеями и опытом между странами всего мира. КазНУ демонстрирует всесторонне поддерживаемую приверженность к активизации вовлеченности глобального академического сообщества в решение жизненно важных проблем всего человечества. Результаты научных исследований и экспериментов ваших ученых в значительной степени способствуют продвижению идей устойчивого развития. Я возлагаю большие надежды на дальнейшее участие КазНУ в этой важной программе и желаю коллективу университета огромных успехов в реализации целей хаба программы ООН «Академическое влияние», – говорится в обращении Генерального Секретаря ООН Пан Ги Муна.

КазНУ им. аль-Фараби первым среди университетов Центральной Азии присоединился к программе «Академическое влияние», нацеленной на поддержку десяти всемирно признанных принципов ООН, касающихся прав человека, грамотности, устойчивого развития и разрешения конфликтов.

Более трех лет в университете активно действует международная программа «Global Classroom» по устойчивому развитию. В 2011 году КазНУ при поддержке ООН провел международную научно-теоретическую конференцию «Меняющаяся природа конфликта в XXI

Продолжение на 2 стр.

БҮГІНГІ САНДА:

**АСҚАР ТАУДАЙ
АРДАҚ ТҰТАР
АҒАМЫЗ**

4-бет



БҮГІНГІ САНДА:

ЖЕЗ ҚОҢЫРАУ

7-бет






БҮГІНГІ САНДА:

**“МЕН ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫНА
ҚАЙРАН ҚАЛАМ...”
немесе Ер жігітке қандай
қыз ұнайды?**

8-бет



Продолжение. Начало на 1 стр.



КҮНТІЗБЕЛІК ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

21 сәуір - ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Бұйрығымен Б.Т. Жұмағұлов әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры болып тағайындалды. Б.Т. Жұмағұлов - белгілі қоғам қайраткері, техника ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері.

В КАЗНУ ОТКРЫТ ГЛОБАЛЬНЫЙ ХАБ ПРОГРАММЫ ООН

веке». В 2012 году КазНУ единственный из университетов СНГ открыл секцию на глобальном саммите «RIO+20» всемирного форума ООН в Бразилии, выступив с проектом «Зеленый мост через поколения» в поддержку инициатив Президента страны «Глобальная стратегия энергоэкологического развития» и «Зеленый мост».

студенческой программы-игры «Модель ООН – Новый Шелковый путь». Будущие специалисты приобщаются к принципам ООН и вырабатывают новые способы решения проблем безопасности. Об этом в ходе мероприятия рассказали студенты КазНУ, выступившие на шести языках ООН.

КазНУ – это свидетельство высокой степени доверия авторитетной международной организации, лидирующей роли университета в сфере устойчивого развития, являющегося глобальным трендом развития всей человеческой цивилизации».

Жалғасы. Басы 1-бетте ҚАЗҰУ-ДА ЖАҢАШЫЛДЫҚ КӨП «Ең басты мақсат – ғылымды дамыту. Біз әл-Фараби мұраларын насихаттай отырып, университетімізді жаңа деңгейге көтереміз. «Фараби оқуларын» өткізу – біздің парызымыз. Ғұлама ғалымның ілімін әрбір студентке, әрбір қызметкерге жеткізу арқылы алдымен өз ортамызда азаматтық, ғылыми, этикалық көзқарастарды қалыптастырсақ, ұлттық университет ретінде қоғамдық пікір тудыра аламыз», – деп түйіндеді ректор Ғалым Мұтанов.

дәстүрлі БАРМАНҚҰЛОВ ОҚУЛАРЫ Күні кеше журналистика факультеті, баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының ұйымдастыруымен Барманқұлов оқулары өтті. Марат Барманқұлов – тележурналистика зерттеушісі, ғалым, ұстаз, көгілдір экран королі. Барманқұлов оқулары аясында ЮНЕСКО Кластерлік Бюросының қолдауымен «Сандық – ақпараттық дәуірдегі бұқаралық коммуникация құралдарының жаңа мүмкіндіктері мен проблемалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция мен студенттерге арналған «Жас репортер» байқауы өтті.

27 мамыр – университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2009-2011 жылдарға арналған даму Стратегиясы» бекітіліп, ҚазҰУ Қазақстанда және ТМД мемлекеттері арасында алғаш болып 59 (PhD) философия докторларын шығарды. Университеттің Қамқоршылар Кеңесі құрылды.

ЕЛ ТАҒДЫРЫ ҮШІН ЕЛ АТАУЫ ӨЗЕКТІ

Елбасының Қазақстан атауын «Қазақ елі» деп өзгерту жайлы ұсынысы қоғамда қызу талқыланп жатқаны белгілі. Осы орайда академик Т.Т. Тәжібаев атындағы этнопедагогика және психология оқу-зерттеу орталығы ел атауын өзгертуге байланысты өз пікірлерімен бөлісіп, ұлттық тәрбие мәселелері хақында ой толғау мақсатында зиялы қауым өкілдерінің басын қосты. ҚазҰУ-дың 80 жылдығына арналған «Т.Т.Тәжібаев және Қазақстандағы қазіргі педагогика мен психология» атты конференция аясындағы дөңгелек үстелге ҚР ҰҒА академигі Қ. Байғажы, ҚР ҰҒА академигі Қ. Дүйсенбин, профессорлар: Ә. Табылдиев, Т. Баймолдаев, Ш. Құсайынов, М. Молдабеков, М. Перленбетов, К. Қожахметова, Ш.Өтениязов, М. Асылханова және өзгелер қатысты.

«Қазақ елін қалай атаймыз? Қазақ елінің болашағы» тақырыбын арқау еткен жиын қызу пікірталас алаңына айналды. Жиынды басқарған психология ғылымдарының докторы, жалпы және этникалық психология кафедрасының профессоры, академик Құбығұл Бозайұлы Жарықбаев күн тәртібіндегі «Үш бағытты» алға тартты. Бағыт үшеу болғанымен, бастауын бір ғана бұлақтан алады. Олардың бәрі қазақтың ұлттық тәрбиесі мен болашағының төңірегіндегі түйткілдер болып табылады. Біріншісі – «Қазақ елі» атауы Қазақстан үшін тиімді ме?; екінші – 12 жылдық білім беру негізінде бастауыш сыныпты 4 жылдық біліммен шектемей, 6 жылға ұзарту қажет пе?; үшінші – «Үш тұғырлы» тіл мәселесі. Академик Жарықбаев мемлекетімізде маңызды мәселелерді көтеру барысында ұлттық тәрбиемізге ерекше мән берілуі тиістігін айта келе, «Академик Төлеген Тәжібаев – ҚазҰУ ғана емес, қазақ халқы үшін аянбай еңбек еткен, артына өрнекті із қалдырған ерен тұлға. Қазаққа қызмет еткен асыл ердің есіміне Алматы қаласында көше атауы берілсе, талапты жастарға оның атындағы дәкіртақылар тағайындалса» деп ұсыныс білдірді. «Маусым айының 13 жұлдызы – академик Тәжібаевтың дүниеден өткен күні, сол күнге орай тағы да үлкен конференция жоспарлануда. Ұсыныс қолдау тауып, маусым айына дейін түйіні тарқатылса, құба-құл болар еді», – деді Құбығұл Бозайұлы. Сондай-ақ академик: «Мен Қазақстанды «Қазақ елі» емес, «Қазақия» деп атауды ұсынар едім. Бірақ бар нәрсенің екі ұшы болатынындай, ел атын өзгерту оңай шаруа емес, қыруар қаржыны талап етеді. Және біздің халық бұл өзгерістерге рухани тұрғыдан дайын емес», – деген ойын ортаға тастады.

Жиында Қазақстан атауын өзгерту үшін мынадай төрт атау ұсынылды: Қазақ елі, Қазақ республикасы, Қазақ мемлекеті және Қазақия. Соңғы атауға байланысты академик Жарықбаев қызықты мәліметтер келтірді: – Кезінде Кеңес үкіметінің қылышынан қан тамған кездің өзінде атақты жазушы, публицист, «Правда» газетінің Мәскеудегі меншікті тілшісі Әнуар Әлімжанов Мәскеуде отырып-ақ қаймықтастан Қазақстанды «Қазақия» деп атайды екен. Сонымен қатар ол жақында мерзімді баспасөзде белгілі жазушы Смағұл Елубаевтың Қазақия атауын қолдап пікір білдіргенін тілге тиек етті.

Дөңгелек үстелге келген көпшілік қауымның ойлары да санқилы болды. Бірі «Қазақ елі» атауын қолдап, бірі басқа да ұсыныстар айтты. Сондай-ақ жиында ұлттық құндылық, ұлттық тәрбиеге қатысты өзге де мәселелер қозғалды. Солардың ішінде геологиялық картография маманы, Қазақстан картасын жасаушылардың бірі Молдияр Серікбаев мырза былай деді: «Шындығына келер болсақ, біз «Үлкен рухани дағдарыстамыз». Жоғарғы оқу орындары бакалавр сатысындағы білім беру сапасын арттыру қажет. Жастарды жеткілікті дәрежеде біліммен қаруландырып, арнайы курстар ашу аса маңызды». Келелі кеңесте бастауышты алты жылға ұзарту мәселесі де көтерілді. «Үш тұғырлы» тілді алты жасар балаға үйрету дұрыс емес, ана тілін жетік меңгермей жатып, өзгенің тілін үстемелеу қажет емес. Себебі алғашқы сыныптарда балаларды ана тілінің уызына жарыту, туған тілін жан-жақты меңгерту, ұлттық психологиясын, тұлғасын қалыптастыру керек. Шет тілді 4,5 сыныптардан бастап үйрету керек делінді. Өркениетті дамыған елдерде де осы үрдіс қалыптасқандығы айтылды.

Басқосу Елбасының «Қазақстан-2050» стратегиясының жүзеге асуына, ұлттық мәселелердің шешімін табуына өзіндік үлес қосары хақ.

Қымбат ТОЙЛЫБАЙ,

журналистика факультетінің 2 курс студенті

24 ақпанда тарих, археология және этнология факультетінде т.ғ.д, профессор Б. Кәрібаев жетекшілік ететін «Жас Орда» үйірмесінің кезекті отырысы өтті. Оған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жақында ғана халықтың талқылауына ұсынған «Қазақ елі» атауы арқау болды. Осыған орай басқосу тақырыбы – «Қазақ елі ме? Әлде Қазақстан ба?» деп аталды.

ҚАЗАҚ ЕЛІ МЕ? ҚАЗАҚСТАН БА?

Алғашқы болып өз ойын тарих, археология және этнология факультетінің 3-курс студенті О. Ысқақ ортаға салды. Ол «Қазақия», «Қазақ елі», «Қазақстан Республикасы», «Қазақ Республикасы» деген атауларға өзінше талдау жасап, еліміздің атауы «Қазақ Республикасы» деп аталса дұрыс болар деген ұсыныс тастады. Осы пікірді 3 курс студенті А.Спанқұл, 1 курс студенті А.Көшкінбаева қолдап, бұл атаудың болашағы бар екендігін негіздеді. 1 курс студенті Ғ. Әшірбек Елбасының «Қазақ елі» деген ұсынысын қолдайтынын және осы атаудың «Қазақ хандығы» атауымен тарихи сабақтастығы бар екендігін жеткізді. Одан кейін сөз алған үйірменің белсенді мүшелері – С. Әлібеков, Ә. Тұрсынова, С. Маратова, Ә. Балабековалар «Қазақстан Республикасы» деген атауында қала бергеніміз жөн және қазір атауды өзгертудің көптеген қиын мәселелері бар екендігін алға тарта келе, мемлекет атауын өзгерту көптеген шығындар әкелетіндігін, оған қоғамның рухани түрде де, материалды түрде де дайын еместігін айтып, әлемге азды-көпті таныла бастаған

бұрынғы атауымызда қала беру керектігін дәлелдеуге тырысты.

Студентер Елбасы талқылауға ұсынған тақырыптан тыс қала алмайтындығын дискуссия барысында айқын көрсетті. Талқылау барысында екі пікір айқын байқалды. Олар – «Қазақ Республикасы» және «Қазақстан Республикасы» деген атаулар болды.

Осындай пікірталас түрінде болған отырыстың соңында Б. Кәрібаев осы атауларды кімдердің қалай қолдайтынын анықтау үшін дауысқа салғанда, қатысушылардың дауыстары тең болды. Одан әрі Б. Кәрібаев ақпарат құралдарында Елбасы пікіріне орай, «Қазақия», «Қазақ елі», «Қазақ Республикасы», «Алаш елі», «Алашорда», «Тұран» деген атаулардың айтылып жатқанын айта келе, бүгінгі талқылаудың өте қызықты өткенін жеткізді. Нағыз білімді, нағыз патриот азаматтардың өз елінің атауына бей-жай қарамайтындығын, талқылаудың әлі де болатындығын айтып, отырысты аяқтады.

Асқар СПАНҚҰЛ,

тарих, археология және этнология факультетінің 3-курс студенті

МІНДЕТТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КЕРЕК

Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы Елбасының Қазақстан халқына былығы Жолдауын талқылады. ОПК қауымы Жолдаудың еліміздің барлық салаларын қамтитынын айта отырып, оны жүзеге асыру жолдарын сөз етті. Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекеті қатарына қосылуына байланысты өткізілетін шараларға назар аударды.

Елбасы Жолдауда Отанымыздың жетістіктері – әрбір азаматтық ұлттық мақтанышы екендігін атай отырып, «Қазақстан-2050» Стратегиясы үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы екендігін айқындап берді. Сондықтан Стратегияны мүлтіксіз орындап, емтиханнан мүдірмей өту – ортақ парыз, абыройлы міндет деп бекіткен Жолдау қазақстандықтарға үлкен тапсырма жүктегені белгілі.

Кафедра мүшелері өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала отырып, ұдайы алға ұмтылуымыз керектігін тәлімгерлерге ұдайы айтып отыруды, байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керектігін ұғындыруды алға қойды. Жолдауда бекітілген кезек күттірмейтін көптеген міндеттерді жүзеге асыру керек деп қорытындылады.

С.Р. ЕРМҰХАМЕТОВА,

з.ғ.к., доцент;

А.К. ҚҰСАЙЫНОВА,

құқық магистрі

ЖАС ЖУРНАЛИСТЕР ЖОЛДАУДЫ ТАЛҚЫЛАДЫ

Журналистика факультетінде жуырда баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының ұйымдастыруымен Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың былығы «Қазақстан жолы -2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауына арналған дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Шараға куратор-эдвайзерлер А.Әсел, Б.Әсембаева, М.Абдрайымов, т.б қатысты.

Алдымен «Президенттің уақыт және өзі жайлы толғаныстары» туралы деректі фильм көрсетілді. 1 курс студенттері Мади Ахметов тың «Қазақстан-2050» стратегиясы және мемлекеттің жаңа саяси бағыты», Ақжарқын Қыдырханованың «Жолдау: маңызды мәселелер мен мүмкіндіктер» атты баяндамалары тыңдалып, студенттер өздерінің ойларын, Жолдауды жүзеге асырудағы нақты ұсыныстарын айтты.

Жолдауда ерекше көңіл бөлінген мәселелер экономикалық интеграцияны дамыту мен әлеуметтік, медициналық қызметтердің бағыттары бойынша жас журналистер ізденіп, зерттеулер жүргізіп, мақалаларын БАҚ-та жариялау басты парыздары екендіктерін айтып өтті. Сонымен қатар жаңа қазақстандық патриотизм идеясы мен қазақ тілі мен тілдердің үштұғырлық, ұлттық интеллигенциясының ролі, XXI ғасырдағы Қазақстандағы дін мәселесі де тақырып аясында сөз болды.

Қорыта айтқанда, Жолдау – жастардың басты бағытын айқындайтын стратегиялық құжат. Жастардың санасына серпіліс беретін Жолдаудағы бағыттарды бір мақсат, бір мүдде арқылы бірлікпен жүзеге асуына әрқайсымыз үлес қоса алсақ, болашағымыз жарқын, еліміз еңселі, тіліміз тұғырлы, берекеміз баянды болары сөзсіз.

Әйгерім ӘЛІМЖАНОВА,

журналистика факультетінің оқытушысы

КҮНТІЗБЕЛІК

Жалғасы. Басы 2-бетте

ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

конференция өтті.

13 сәуір – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Германия Федеративтік Республикасы Христиандық Демократиялық-Христиандық Социалистік Одақ парламенттік фракциясының жетекшісі Манфред Грундт іс-сапармен келді. Сапар барысында ол университет ректоры академик Б.Т. Жұмағұловпен кездесті.

23 сәуір – ҚазҰУ ұжымы мен студенттері Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед Абрарұлымен кездесті.

23 сәуір – Қазақстан Республикасындағы АҚШ-тың Төтенше және өкілетті елшісі Ричард Хоугланд Алматыға жасаған сапары шеңберінде ҚазҰУ ректоры академик Б.Т. Жұмағұловпен кездесті.

27 сәуір – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Лондон Университет-Колледжіннің (UCL) проректоры профессор Макл Уортон арнайы сапармен келді.

4 мамыр – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде салтанатты түрде университет тарихы жаңа мұражайының алғашқы іргетасы қаланды.

18 мамыр – Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында Алматы қаласының әкімі Ахметжан Есімов ҚазҰУ ұжымымен кездесіп, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Жолдауын талқылады. Сонымен қатар аталмыш шараға Алматы қаласының 26 жоғарғы оқу орнының өкілі қатысты.

19 мамыр – дүние жүзіне танымал экономист-ғалым, Америка университетінің профессоры Фам Чи Танх (Вашингтон) әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Бақытжан Жұмағұловпен жүздесті.

10-11 маусым – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дарынды студенттері Алматыда өткен Қазақстанның жастар арасындағы ұлттық Дельфи ойындарының іріктеу турына қатысты.

12 маусым – Халықаралық Қазақ-Орыс университетінің ғылыми кеңесінің шешімі бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, профессор Б.Т. Жұмағұлов «Алтын қанат» құрмет белгісімен марапатталды.

25 маусым – университетіміздің бас алаңында ҚазҰУ-дың 75 жылдық мерейтойына орай студенттер құрылыс жасағының «Өз университетіміз – өз қолымызбен!» атты мерекелік шара өтіп, салтанатты түрде студенттер жасағының үшінші семестрі ашылды.

9 қыркүйек – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Донгил Нох мырзаның басшылығымен Кионпук ұлттық университетінің (Корея Республикасы) делегациясы келді. Делегацияның келу мақсаты – Кионпук ұлттық университеті мен Қазақ ұлттық университеті арасында білім және ғылым салаларындағы әріптестік жөніндегі келісімдерге қол қою.

14 қыркүйек – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ҚР көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Т.Қ. Қатаевты еске алуға арналған «Қазақстан жоғары мектебінің мәселелері» атты ғылыми конференцияны өткізді.

17 қыркүйек – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Біздің элита» «Наша элита» кітабының тұсауы кесілді.

17 қыркүйек – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 75 жылдығына орай Қазақ ұлттық университетінде ар жылғы түлектердің мерейтойлық кездесуі өтті. Бұл күні қара шаңырақты бітірген 125 түлек бас қосты.

19 қыркүйек – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қалашығында ғашықтар су бұрқағының ашылу салтанаты өтті.

13 қазан – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев арнайы келіп, университетті мерейтойымен құттықтады. Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайына жиналған бұқараға дәріс оқыды. Осы күні қазіргі заман талабымен жабдықталған химия факультеті жаңа ғимаратының тұсауы кесілді.

13 қазан – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарихына арналған жаңа мұражай ашылды. Бір топ министр мен әкімдер, академиктер және де басқа мәртебелі қонақтар мұражайды тамашалады.

13 қазан – Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында М.В. Ломоносов атындағы ММУ күндерінің салтанатты ашылуы болды.

14 қазан – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Жастар интернет орталығы ашылды.

14-15 қазан – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 75 жылдығына арналған «XXI ғасыр университеттері: инновациялар және жаңа технологиялар» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

21 қазан айында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінің Қызыл залында 51-ші Халықаралық математикалық олимпиадасының Ту-эстафетасын тапсыру салтанаты өтті.

21 желтоқсан күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік және ҚР Президентінің бейбітшілік және рухани келісім сыйлықтары мен Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының лауреаты Әбіш Кекілбаевтың 70 жылдық мерейтойын атап өтті. Әбіш Кекілбаевқа ҚазҰУ-дың құрметті профессоры атағы берілді.

Жалғасы бар...

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мұражайы

АСҚАР ТАУДАЙ АРДАҚ ТҰТАР АҒАМЫЗ

Механика-математика факультетінің бұл күнгі жетістіктері, әрине, ондағы оқытушы-профессорлар құрамының жоғары біліктілігіне, өз ісіне деген жауапкершілігіне тікелей байланысты. Факультетімізде ұзақ жылдар бойы аянбай еңбек етіп келе жатқан сондай ұлағатты ұстаздардың бірі – ҚР ҰҒА академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, республиканың математикалық ғылымы мен жоғары білім беру ісінің белгілі ұйымдастырушысы, ұстазым Құлжабай Әбдіқалықұлы Қасымов. Менің ол кісіні алғаш көруім 1974 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің кәделі математика факультетіне оқуға түскен кезімде еді. Сол кезде ол кісі факультет деканы болатын. Ол кісі өзіне жүктелген қандай қызмет болсын жан-тәнімен, үлкен жауапкершілікпен, тиянақты, адал атқаратын. Декан, кәделі талдау кафедрасының меңгерушісі қызметтерінде жүрген кездерде іргелі пәндер жаңа оқу жоспарларының негізінде оқытылды, арнаулы курстар кәделі математика мен механиканың заманауи мәселелерін қамтыды.

Қ.Ә. Қасымов математикалық физика теңдеулері, дифференциалдық теңдеулер, біріккен дифференциалдық теңдеулер және математикалық физика кафедраларының меңгерушісі, математика факультетінің деканы болған еліміздің тәуелсіздік алып, жаңадан қаз тұрып келе жатқан қиын-қыстау жылдары факультеттің математика және механика салалары бойынша Қазақстанның ең білікті орталығы деген атақты сақтап қалуда, халықаралық дәрежедегі бәсекеге лайықты мамандар дайындауда қажырлы еңбек етті. Бұл тұста ағамыздың өмірлік жары Бәтима Жұматайқызы жеңгеміздің де еңбегі зор. Жеңгеміз ағамызды үй шаруашылығы жұмыстарына еш араластырмай, барлығын өз мойнына алып жүреді. Ол кісі ағамыздың еш нәрсеге алаңдамай жұмыс жасауына мүмкіндік беріп, қайта, жігеріне қайрат, шабытына қанат бітіретін үйдегі мықты тірегі бола білді.

Құлжабай Әбдіқалықұлы – еліміздің математикалық білімі мен ғылымы саласының көрнекті ұйымдастырушысы ғана емес, сонымен қатар дифференциалдық теңдеулердің асимптотикалық теориясы саласында Қазақстандағы ғылыми мектептің негізін салушы аты әлемге әйгілі ғұлама ғалым. Қазіргі уақытта Қ.Ә. Қасымов сингулярлы ауытқыған теңдеулер саласында бастапқы секірісті шеттік есептер шешімінің асимптотикалық сипатын айқындайтын жаңа әдіс енгізді. Қасымов әдісі деп аталатын бұл әдіс көптеген есептер класын зерттеуде қолданыс тауып

келеді. Ағамыз математикалық талдау мен дифференциалдық теңдеулерді жуықтап шешу саласында да ірі маман болып есептеледі. 200-ден астам ғылыми жұмыстардың, оның ішінде төрт монография және қазақ тілінде жоғары математика бойынша үш томдық оқулықтардың авторы. Ағайдың жетекшілігімен 3 докторлық, 60-қа жуық кандидаттық диссертациялар қорғалды. Оның шәкірттері республикамыздың жетекші жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарында табысты еңбек етуде. Мен де өзімнің осы ғылыми мектептің бір мүшесі, Ағамыздың шәкірті екенімді мақтан тұтамын.

Қ.Ә. Қасымов ағамыз үлкен ғалым, ұлағатты ұстаз болумен қатар мол адамгершілік, адалдық, мәдениеттілік, кішіпейілділік сияқты қасиеттерді бойына сыйдыра білген парасатты жан. Ағайдың жанында ұзақ жылдан бері бірге жұмыс жасап жүріп, ол кісінің ешқашан ешкімге, тіпті, студенттерге, шәкірттеріне де жекіп ұрысқан, ауыр сөз айтқан кездерін көрген емеспін. Қайта жастарға мейірімді, әкелеріндей қамқоршы болып жүреді. Әрбір адам өмірінде болатын кейбір қиналған сәттерінде ақылын айтып, қолынан келген көмегін аямайды. Ол кісінің алдына барып, сөйлесіп шыққаныңызда, иығыңызды басқан ауыр жүктен арылып, көңіліңіз жайланып, жеңілдеп қайтқандай боласыз. Қолы бос кездерде өзі аса жоғары бағалайтын Д.А. Қонаев, Ө.А. Жолдасбеков сияқты ірі тұлғалар туралы естеліктерін жылы лебізбен жиі айтып отырады. Еліміздің



тарихы, математика және оны дамытуға ат салысқан ірі ғалымдар, олардың ашқан жаңалықтары жөнінде көп адамдар біле бермейтін тың деректерді біз тұла бойы қазына Құлжабай ағамыздың әңгімесінен біліп отырамыз. Адам бойынан оның кемшіліктерін емес, тек жақсы қасиеттерін іздеу Құлжабай Әбдіқалықұлы ағамызға тән ерекше қасиет.

Еліміздегі математикалық ғылым мен білім беру ісінің патриархы Құлжабай Әбдіқалықұлы ағамыздың өмір жолы кейінгі жас ұрпаққа үлгі-өнеге.

М.Қ. ДАУЫЛБАЕВ,
шәкірті, ф.-м. ғ. д., профессор

СІЗ ЕДІҢІЗ...

(Академик Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековке)

Сіз едіңіз – жалын оттан жаралған, Қандай түйін шешімін дәл таба алған. Ерен еңбек арқасында Сіздің тек “ҚазГУград” қалашығы қаланған. Сіз едіңіз – халыққа жаққан кісі, Артоблевский шәкірті, мақтанышы Сізден ғана басталған қазақтардың «Механика» майданына аттанысы! Сіз едіңіз – ел қамын уайымдаған, Қажеттігін ғылымның пайымдаған, Сіз бастаған ғалымдар шоқ жұлдызын Дүниенің төрт бұрышы мойындаған. Сіз едіңіз – тәуелсіздік деп ту алған, Ғылым-нәрге мәшһүрлерді суарған, Ана тілде сөйлетіп техниканы Аспандата қазақ атын шығарған! Сіз едіңіз – қабыл болар дегендері Әдебиет пен тарихтың кемеңгері Парламент төріндегі жарық жұлдыз Адам жанының білікті инженері! Сіз едіңіз – жайсаңды бауыр қылған, Қайыспаған өткенде ауыр жылдан. Тұла бойға толыққан қасиеттер Пенделердің әрқайсысын табындырған! Сіз едіңіз – зиялылықты тілек қылған Қай кезде де ҚазМУ-ге бақ тілеп тұрған Көп шарапат көрген-ді қысылғандар Өзіңіздей өрелі ректордан! Сіз едіңіз – көрген де қиындықты, Соның бәрін қайсарлық жеңіп шықты, Кек сақтауды білмейтін кең кеудені Әттең-ай кей пенделер кейін ұқты! Сіз едіңіз – көрсеткен шеберлікті, Кеңдікті, тереңдікті, кемелдікті, Бүгінгі ел ағасы – марқасқалар Тәлім мен тәрбиені сізден ұқты, Сіз едіңіз – адалдықпен қуаттанған, ТММ тылсымынан сыр ақтарған. Өміріңді өнеге тұтарларға Жүзіңдеп жымыиыс – шуақ қалған!

Төлеухан ИМАНҚҰЛ

Қажырлы еңбек иесінің мерейтойы

Журналистика факультетінде профессор, тарих ғылымдарының докторы, белгілі қоғам қайраткері Ләйла Ахметованың 60 жылдық мерейтойына арналған «Медиабілім беру және киберәлеуметтану» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының профессоры Ләйла Сейсенбекқызы Ахметова «Құрмет» орденімен марапатталған, «Құрметті білім беру қызметкері», «Құрметті мәдениет қызметкері» белгілерінің, сондай-ақ бірқатар Мемлекеттік және халықаралық сыйлықтардың иегері, олардың ішінде БҰҰ Балалар қорының «ҚР-да балалардың жағдайын жақсартуға және олардың құқықтарын сақтауға қосқан айрықша үлесі үшін» белгісі, 2010 жылғы «ЖОО-ның үздік оқытушысы» және басқалар бар. Л.С. Ахметова - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика және коммуникациялар бойынша ЮНЕСКО орталығының директоры, «Зияткерлік еңбек әйелдері одағы» ОО төрайымы, «Қазақстандағы PR және БАҚ» ғылыми журналының бас редакторы, өзінің патриоттық тақырыпқа арналған еңбектерімен танымал; журналистика, қоғаммен байланыс жөніндегі ондаған кітап пен жүздеген мақала авторы.

Ләйла Ахметованың 60 жылдық мерейтойына арналған «Медиабілім беру және киберәлеуметтану» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда алғы сөз алған журналистика факультетінің деканы Өмірхан Әбдиманұлы патриот ұстаздың ұлағатын ұрпаққа тарата айтып, еңбегіне жеміс тілеп, факультет атынан құрмет білдірді. Одан кейін арнайы сөз кезегі ҚазҰУ-дың Әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Шолпан Жаманбалаеваға берілді. Ол «Ләйла Сейсенбекқызы секілді патриоттар көп болса, университетіміздің нәтижесі жоғары болмақ», – деп бағалап, Құрмет грамотасын табыстады. Ал ҚазҰУ-дың «Парасат» кәсіподағының төрағасы Талғат Мекебаев: «Бүгінгідей мерейтой, оның аясындағы ғылыми конференция – біздің университетімізде қалыптасқан жақсы дәстүр, ерекше салт. Университетімізге қомақты үлес қосқан біздің тұлғаларымызға құрмет, қошемет көрсету – әрқайсымыздың парызымыз. Кәсіподақтың құрылғанына 55 жыл десек, жеке кәсіподақ болғанымызға 20 жылдың



жүзі толып отыр. Сол бөлініп шығуда Ләйла Сейсенбекқызының қажырлы еңбегі орасан зор, «Парасатқа» еңбегі ерекше жан. Мерейлі жасқа келіп отырған еңбек иесіне кәсіподақ атынан бар жақсылықты тілеймін», – деп сый-сыяпат көрсетті. Конференция жұмысына шетелдік және отандық ғалымдар, ҰЕҰ өкілдері, қоғам қайраткерлері және БАҚ өкілдері қатысты. Конференцияда Қазақстандағы медиасуаттылық және журналистік білім берудің өзекті проблемалары, білім беру, ғылым және өндіріс: ықпалдасу жолдары, барлық деңгейдегі орта және кәсіптік білім беру жүйесіндегі медиақұзіреттіліктің дамуы, медиабілім беру және қоғам, ҰЕҰ-ның медиабілім беруге қосқан үлесі,

әлеуметтік-мәдени әртүрлілік: ұлттық бірегейлікті сақтау сынды негізгі бағыттар бойынша жұмыстар талқыланды. Конференцияда I студенттік республикалық «Ең жақсы PR жоба» байқауының иегерлері анықталып, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сондай-ақ, Ләйла Сейсенбекқызы мектеп оқушылары арасында патриоттық тақырыпқа шығарма жазу конкурсында жеңіске жеткен үздіктерді атап, ең жақсы жазылған шығарма иелерін, мектеп оқушыларын бағалы сыйлықтармен марапаттады.

Алмагүл ҚҰРМАНБАЕВА

Өткелдердің асуы – тіл құдіреті

Отандық білім беру сапасының халықаралық стандартқа сай келетіндігінің басты көрсеткіші - тіл меңгеру. Яғни ана тілімізді дәріптей отырып, ұлттық құндылықтарымызды шетел тілдерінде де еркін жеткізе алуымыз қажет. ҚазҰУ-дың оқу жүйесінде тілді жетік меңгертуге зор қоңіл бөлініп отыр. Бүгінде халықаралық тіл ағылшын тілі болғандықтан, осы тілді меңгеруге аса назар аударылып, әлемнің әрлік деңгейлі ЖОО-ларында ғылыми жетістіктерімізді паш етіп, тәжірибе алмасуға жол ашылды. Оқытушылардың ERASMUS MUNDUS, ARCADE сияқты арнайы бағдарламалармен шетелдерде білімін толықтыруы, IELTS халықаралық емтиханын тапсыруын талап етуі - соған дәлел. Оған мысал бола алатын іс-шаралар аз емес. Соның бірі - кафедра магистранттарының соңғы екі-үш жылда Лондон қаласында білімдерін жетілдіруі.

Бүгінде факультетіміздегі ағылшын топтарында студенттер саны да артып отыр. Олар мамандықтарын ағылшын тілінде меңгеруді таңдап, дәрістерді ұйып тыңдайды, қиналмай сұрақ қояды. Бір сөзбен айтқанда, тіл меңгеремін деген талаптанушыға мүмкіндік зор. Сол мүмкіндіктің пайдасын мен де сезіндім.

ҚазҰУ-да Біліктілікті арттыру институтының ұйымдастыруымен әр саладан бір оқытушы шетелде білімін жетілдіруге мүмкіндік алатын байқау жарияланған болатын. Ағылшын тілінде дәріс беретіндіктен, кафедра мүшелері шет елде білімін жетілдіру үшін өтетін сайысқа менің қатысуымды талап етті. Механика-математика факультетінің ағылшын тілін дамытуға аса назар аудара отырып, бұл шешімді қолдады. Халықаралық конгресс, конференцияларға қатысқанда, біздің нәтижелерімізді сараптап тыңдағандықтан, шетелге шақырулар өте көп болды. Соның бірінде мен Лондондағы Империял колледжіне шақырту алдым. Осы шақырту арқылы құжатымды жинап, байқауға тапсырдым. Алайда Лондонға баратыныма сенбедім.

Жазғы демалыстан келіп, жылдағыдай қаурыт қарқынмен жұмыс басталып

кетті. Білім жетілдіру институтынан телефон соғып, «сіз сайыстан жеңдіңіз» дегенде, сенер-сенбесімді білмедім. Виза дайындауға уақыт өте тығыз болды. Оқыту, білім беру саласының жай-күйін терең түсінетін ҚазҰУ-дың бірінші проректоры М. Бүркітбаев қолдап, тез дайындық жүргізуді сұрады. Кейін Ұлыбритания елшілігіне керекті құжаттарды өткіздім. Таңғаларлық жайт мынада: Ұлыбритания елшілігі азаматтарға қатысты жеке мәліметтерді тек тест жүйесі бойынша ғана алады, барлық құжаттарды тек өз тілінде ғана қабылдайды.

Осылайша, биылғы оқу жылын шетелде бастадым. Лондонға аяқ басқанда қатты тербелісте болдым. «London city» - ға жету жолын ойланып тұрғанда, қолыма алған «London in you palm» (Лондон сенің алақаныңда) атты кітапша еді. «Лондон сенің алақаныңда» деп айтқандай, расында да, Лондон метросының жолдары адам алақанындағы жолдармен пара-пар келеді. Барлық жол соншалықты анық бола ма десеңізші?! Алматының көлік кептелісінен кейінгі бұл жер мүлдем басқа. Көзді ашып-жұмғанша, керекті аялдамада болғаныма балаша қуандым. Барлығы қарапайым халық үшін болғандықтан, қуанышымда шек жоқ.

Мыңдаған адамның алғысын алғанға не жетсін, шіркін!

Империял колледжінің көлемі біздің Қазақстандағы ең үлкен ҚазҰУ-дың студенттер қалашығындай екен. Ол әлемдегі ең үздік оқу орындарының арасында 4-орында. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген жастар білім алады. Мен барған «Математика» департаментінде Италиядан, Ираннан келген докторанттар жұмыс істеп отырды, семинарлар өткізіліп тұрды. Сонымен қатар Империял колледжінің, Лондонның Королевский колледжінің, Мэри ханшайымы колледжінің, Лондон университеті колледжінің және Лондон математиктерінің қалалық семинарларына қатыстым. ҚазҰУ-да математика тармақтарынан студенттерден терең білімді талап ететіндіктен бе екен, шетелдіктердің баяндамалары жеңіл көрінді. Математиканы «ғылымдардың патшайымы» деп тегін атамайды ғой. Ешкім ешқайда бұрмаламайды, ол әрқашан анық. Сол сияқты мен тыңдаған баяндамалар қарапайым және анық болды.

Wolfram компаниясы ұйымдастырған Royal институтында өткен халықаралық саммитке қатыстым. Саммитте Кэмбридж университетіне шақыру алдым.

Лондонда өткізілген аз күндерде көп жерді көруге тырыстым. Қатты әсер қалдырғаны - колледждердің ортасында орналасқан бірнеше қабатты «Science museum» мұражайы. Мұнда алғашқы және соңғы техникамен танысуға болады. Мысалы, ғарышкердің күнделікті ғарышта қолданатын құралдарын ұстап көргенде, ерекше сезімге бөленіп, өзің ғарышқа ұшқандай сезінесің.

Аз уақыт Лондонды аралап, көп нәрсені



көріп, туған елге қайтатын да уақыт келді. Алматыға ұшақ қона бастағанда, аппақ қар еріп жатса да, Алатаудың самал желі, туған жердің ауасы бәсқа екенін сезіндік. Күнделікті жұмыс басталып кетті. Ағылшын тіліне уақыт бөліп, Ұлыбритания туралы көп оқығаннан кейін болар, сол сапар маған ерекше әсер қалдырды. Осы білімді Лондонда ағылшын тілінде жалғастырсам деген арманым шындық екенін сезіндім.

Университетіміз ұйымдастыратын осындай шаралардың үлкен нәтиже берері сөзсіз. Бұл шараларды ұйымдастырған профессорларға алғысымды айтып, жұмыстарына табыс тілеймін.

Жанат ЖҮНИСОВА,

дифференциалдық теңдеулер және басқару теориясы кафедрасының доценті, ф.-м.ғ.к.

ТҮБІ БІР ТҮРІК ЕЛІНДЕ БІЛІМ АЛУ

Түркия Жоғары білім беру кеңесі 2013 жылдан бастап жоғары білім беру саласында «Д. Мевлана атындағы академиялық алмасу бағдарламасын» жандандыра түсуде. Бағдарламаның мақсаты - Түркияның жоғары білім берудегі жетістіктерін әлем жастарына таныту. Бағдарлама бойынша 32 елмен келісімге қол қойылған, әрине, елімізден бұл бағдарламаға қатысуға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де белсенділік танытып, студенттер алмасуын іске асыру жұмыстары басталып та кетті.

Университетімізде бұл бағдарлама бойынша байланыс жасалып, жұмыс жүргізуге мемлекеттік тіл кафедрасы ұйытқы болды. 2011 жылдан бері Гази университетімен (Анкара) жасалған академиялық байланыс нәтижесінде кафедраға академиялық ұтқырлық бойынша келген профессор

Иылдыз Наджие ханым осы бағдарлама аясында академиялық алмасуды жалғастыруға ұсыныс жасаған еді. Осындай игі істердің нәтижесінде Гази университетінің төрт студенті филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетіне бір семестр бойы білімдерін ұштауға келді. Студенттердің мақсаты қазақтың бай да көркем фольклорын, әдебиетін, тілін жетік меңгеру екен. Олардың сұранысы бойынша мамандықтарына қатысты пәндермен қатар «Кәсіби бағдарлы қазақ тілі», «Мемлекеттік тілде іс-қағаздарын жүргізу» пәндері де ұсынылды. Бұл студенттерге ендігі тілейтініміз тек сәттілік қана. Олармен бірге келген жетекшілері Гази университетінің PhD докторлары Гүлжанат Құрманғалиева Еркіласим мен Конуралы Еркіласим студенттердің орналасу жағдайларымен танысып, өз ризашылықтарын білдірді және мемлекеттік тіл кафедрасының ұжымымен шетелдік басылымдарда еңбектер жариялау жолдары жайлы семинар өткізіп, пікір алмасты.

«Мевлана академиялық алмасу» бағдарламасы аясында филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің он студенті түбі бір Түрік еліне білімдерін толықтыру мақсатында аттанбақшы. Студенттерге жолығып, сапарлары жайлы сұрағанымызда көңіл күйлері көтеріңкі, осы бағдарлама аясында өздерінің академиялық алмасу сапарларын ұйымдастырып отырған университетімізге, факультет және кафедра ұжымына ризашылықтарын білдіре келе: «Жастар қайда болсақ та ел абыройын, ел намысын назардан шығармаймыз. Университетіміз жасап отырған осы мүмкіндікті пайдаланып, білімімізді ұштап, танымымызды кеңейтеміз деген ойдамын. Біз үшін бұл өте маңызды сапар болмақ, Түркияның білім беру ерекшеліктерімен танысамыз, тіл үйренеміз», - деп 3 курс студенті Ербол Молдажанов өз лебізін білдірді. Ал 3 курс студенті Абылай Әбіләзім: «Ол жақта бізге қарап қазақ жастарын таниды, бағалайды деп ойлаймыз, яғни қазақ жастарының айнасы іспетіміз. Осыны естен шығармай өзімізді тек жақсы жақтан көрсетуге тырысамыз», - деді.

Түбі бір Түрік еліне жасайтын сапарларларың сәтті болсын деп, студенттермен әңгімемізді аяқтадық.

Н.Ж. ЕПЗБАЕВА,
мемлекеттік тіл кафедрасының доценті

Осыдан үш жыл бұрын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ арабтану және ирантану кафедрасының «Аударма ісі» мамандығының студенттері атанып, біріміз орыс бөліміне, екіншіміз қазақ бөліміне мемлекеттік грантқа түстік. Араб тілінің әріптерін жазып, дыбыстарын дұрыс айтудан басталған оқуымыз көп ұзамай жемісін де бере бастады, оқуда үздік бағалар мен республикалық олимпиадаларда жүлделі орындарды да иелендік. Ендігі кезекте халықаралық деңгейде бағымызды сынау тұрды.

Мароккоға жол тарттық

Халықаралық деңгейде бағымызды сынау мақсатында Марокко корольдігінің Ибн Батута атындағы шәкіртақысына құжаттарымызды тапсырдық. Шәкіртақы «ертегі әлемімен» теңестірілетін Мароккода он екі апта көлемінде арнайы тілдік (араб тілі) тәжірибеден өтуді көздейді. Бұл шәкіртақы жайлы арабтану және ирантану кафедрасының доценті Анар Мұстафаева осыдан бір жыл бұрын таныстырған еді. Құжаттарды рәсімдеуде «Араб тілін үйренудегі алға қойған мақсатың қандай?» атты тақырыпта араб тілінде шығарма жазу талаптардың бірі болды. Бұл кезеңнен өтуде алған білімімізбен қатар, аталмыш кафедраның аға оқытушысы Қалдыбай Қыдырбаевтың да үлесі зор болды. Сөйтіп, қажетті құжаттарымызды реттеп жібердік. Жақсы хабарды сабырсыздықпен күттік. Қысқы демалысымыздың қуанышты күндерінің бірінде жақсы хабарды Интернет желісі арқылы ресми хатпен алдық. Енді «сүйінші» хабарымызды кафедрадағы оқытушыларға жеткізіп, құжаттарымызды жинап, әуежол билетіміз және визамызды алып, Мароккоға жол тартып барамыз. Шетелде де өте жақсы бағалар көрсетіп, кафедрадағы оқытушылар мен ата-аналарымыздың бізге артып отырған үмітін ақтаймыз деп сенеміз.

Сая САЛИМОВА, Илез ГАПУРХАЕВ,
арабтану және ирантану кафедрасының 3 курс студенттері
Ибн Батута стипендиясының иегерлері

Ученые НИИ проблем экологии КазНУ на заседании экспертной группы при партии «Нур Отан» рассмотрели вопросы вовлечения сельского бизнеса в «зеленые» проекты



ҰРПАҒЫНА, ХАЛҚЫНА ҮЛГІ ШЫҒАРМА

жағдай көрініс тапқан. Хан мұрагері Ораз-Мұхаммед, Томан би, Манақ батыр, Ділшат, Ай-Шешек бегім, Қадырғали би Жалаири секілді кейіпкерлерді суреттеу арқылы қаламгер ұлт тұлғасын даралай түседі. Қадырғали би Жалаири ғалым, дипломат, саясаткер, қазақтың жазба мәдениетінің негізін салушы. Ол Сібір ханы Шибанид Кучумнің кеңесшісі, іс жүргізушісі болған, қазақ сұлтандарын тәрбиелеген тәлімгер. Тәуекел ханды ол «Ислам мемлекетінің басшысы» деп атаған. 16-ғасырдың 80-жылдарының басында ол Ораз-Мұхаммедті тәрбиелеумен айналысады. 1600 жылға дейін Қадырғали Ораз-Мұхаммед екеуі Мәскеуде тұрады, ал 1602 жылы Касимов

сипатталған. Кейінгі жас қаламгерлер шығармашылығына үлгі болатындай танымдық сипаттаудың тамаша үлгілері бар. Мысалы, «Томан би әлденеге қатты таңырқағандай, дөңгелене біткен шоқша сақалын шелтите басын көтеріп, сәл бөгелді де, жадырай күліп орда ішіне алғаш кіргендей, шаңыраққа қарады, содан соң жан-жағына бұрылды. Жез күлдіреуіш, күміс құрсаулы абажадай шаңыраққа да, ою-өрнекті уықтарға, төбеден салбырай түскен шашақты бауларға да, керегені қаптай керілген масаты кілемдерге де, тіпті, төрге кілем үстінен салақтата ілінген, бітеу сойылған қызыл шолақ бөрі терісіне де көңілі толмағандай, тұқиып төмен қарай бере басын қалт көтерді», - деген сияқты тіркестердің мәні зор. Қазақ әйелдерінің бейнесін тарата ашатын тұстары да мол. Ай-Шешек бегімнің адал жар ретінде ғана емес, дипломатиялық қырлары да шебер суреттелген. Билікті қолына алған Ораз-Мұхаммедтің халқының жағдайын білу үшін ел аралаған тұсы, сондағы Ай-Шешек бегімнің сыйластығы, байқампаздығы, ақылдылығы сияқты қасиеттері керемет қисынын тапқан. Ораз-Мұхаммедтің әжесі Әз ханымның да шығармадағы бейнесі қазақ аналарының күйкі тірліктен биік, жоғары образын сомдайды. «Халық бала өзін кім жақсы көрсе, соған құлап түседі. Барын бағалай біл, кемісін қазбалама: қайткенде де жұрт өзіндікі, жақсы көруге тырыс, жақсы көрініп үйрен», - деп немересіне елді басқарудың жазылмаған заңдарын үйретуінің бүгін де мәнін жоймағандай. Роман - қазақ халқының

тарихта ен далада көшіп жүрген, малдан басқа ештеңе білмеген надан халық болмағанын, халықаралық дәрежеде қазақ дипломатиясының негізі де ерте қаланғанын дәлелдеп бере алған тарихи, көркем шежіре.

Чехия астанасы Прагада орналасқан «Азат Еуропа» радиосына төрт студентті, болашақ журналистерді шетелдік радионың тәжірибелерімен таныстыру мақсатында жетекшілік жасап барған едім. Сондағы Қазақ қызметінің директоры Едіге Мағауин деген тамаша, парасатты азаматпен танысу мәртебесіне ие болып, жиырма бес күн пікірлесудің реті түскен еді. Сол тұста Прагада ұлы Едігенің қолында тұратын Мұхтар ағамен дастархандас болу бақытына жолықтым, жан жары Бақыт апай да ашық, аңқылдақ адам екен. Келер жылында «Карловы вары» деген курортта тағы жолықтырып, сәлемдесіп, апаймен әңгімелесіп қалдым. Сол жерде де пәтерлері бар екен, демалып, тынығуларына ұлы жағдай жасап қойыпты. Өткен жылға қарағанда маған жазушы, тіпті, жасарып кеткендей көрінді. Әмсе, солай болғай! «Жармақ», «Шыңғысхан» сияқты романдары сол шежірелі Чехия елінде дүниеге келгені белгілі. Мақалалар да жазып, елде был жатқан түрлі оқиғаларға қатысты пікірін де білдіріп отыратын қажымас, қайратты еңбеккер жазушының ұрпағына, халқына үлгі тұлға екеніне тағы да көз жеткізіп қайтқан едік.

Клара ҚАБЫЛҒАЗИНА,
Ph.D., баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының ассоциир профессоры

Мұхтар Мұқанұлы Мағауин 1940 жылы 2 ақпанда Семей облысының Шұбартау ауданында, зиялы отбасында дүниеге келген. 1957 жылы осы ауданның Баршатас ауылындағы қазақ орта мектебін бітіріп, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түседі. Университеттің филология факультетін 1962 жылы тәмамдап, аспирантураны 1965 жылы бітірген М.Мағауин еңбек жолын «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім меңгерушісі болып бастаған. Баспасөз бетінде алғаш рет 1959 жылы көрініп, осы кезеңге дейін көркем проза жанрын дамытып келе жатқан жазушы. Жазушының негізгі шығармалары орыс тіліне аударылған, шет тілдерде басылған. Ендігі тілге тиік болып отырған «Аласапыран» тарихи роман-дилогиясы үшін 1984 жылы М.Мағауинге Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығы және кейіннен Қазақстанның Халық жазушысы атағы берілген. Оның аса талантты жазушы, бір туар тұлға екенін халық бағалап қойған.

Қазақ ордасының Ресей мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынасы тарихи-көркемдік тұрғыдан тұңғыш рет суреттелген «Аласапыран» тарихи дилогиясы 1981-83 жж. жарық көрді. Дилогия негізіне тарихта нақты болған адамдар мен оқиғалар алынған. Романда қазақ ордасын Тәуекел хан басқарған тұстағы (16-ғасырдың аяғы мен 17-ғасырдың басы) қоғамдық-әлеуметтік

(бұл қала қазір де бар, Касимовка деп аталады) қаласына келеді. Өйткені орыс патшасы Борис Годунов Ораз Мұхаммедті Касимов патшалығына басшылық жасауға тағайындайды. Ал Қадырғали би оның бас уәзірі болып істейді. Шығармадағы Ай-Шешек бегім сол Қадырғали бидің қызының прототипі.

Романда қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрлері кеңінен

ДӘУІР ТЫНЫСЫН ШЕБЕР СУРЕТТЕГЕН ШЫҒАРМА

Қазақ халқының басынан өткерген қилы тағдырын, дәуір тынысын шебер суреттей білген көрнекті жазушы - Мұхтар Мағауиннің шығармалары өз құндылығын ешқашан жойған емес. Тарих тереңіне үңіліп, қазақтай дархан елдің кең байтақ даласын көркем бейнелеп, халық жүрегінен жол тапқан туындылары - ерен еңбегінің жемісі. Жазушының қаламынан туған екі томдық «Аласапыран» тарихи роман-дилогиясы XX ғасырдың тағылымды мол романдарының бірегейі. Осы тарихи роман-дилогиясы үшін авторға Қазақ КСР-інің Абай атындағы мемлекеттік сыйлығы берілген болатын. «Аласапыран» романы 1981 жылы 31 желтоқсанда кітап болып жарық көрді.

«Аласапыран» романын оқыған әрбір оқырман сөз жоқ тарих қойнауына үңіліп, XVI ғасырдағы қазақтың сайын даласына, тұрмыс-тіршілігіне еніп кеткендей әсер алады. Халқымыздың ұмытылмас шежіресіне айналған шығармада қамтылған кезеңдер, сол заманның жағдайын, ата-баба арманын танып-түсінуге себепші боларлық роман. Ата-бабамыздан келе жатқан, қанымызға сіңіп, бойымызға дарыған салт-дәстүрлеріміз, әдеп-ғұрпымыз, ұлттық құндылықтарымыз туындыда шебер дәріптелген. Шығармадағы кейіпкерлер мен оқиғалар - өмірдің өзі, тарихтың шындығы. Оқиға бас қаһарман Ораз-Мұхаммед тағдырына қатысты өрбиді. Кейіпкер Ораз-Мұхаммедке қатысты оқиғалар, қазақ тарихына қатысты екені белгілі. Елі үшін құрбан болған Ораз-Мұхаммед арқылы бүкіл заман келбетінің шындығын шынайылықпен өрнектейді. Тарих сахнасында Тәуекел хан тұсындағы қазақ хандығының жағдайы қиын кезеңге тұспа-тұс келді. Бұхара ханы Абдолланың қазақ еліне жасаған зұлымдығы шығармада тарихи деректерге сүйене отырып, шындықпен суреттелген.

Шығармада қазақтың кең-пейілділігі, досқа адалдығы, қонақжайлылығы керемет суреттелген. Қазақ соңғы

малын сойып болса да келген қонағына қонақжайлық танытатын дархан халық екені шығармада тағы бір мәрте көрініс тауып, дәлелденеді. Романдағы әрбір сюжет өз орнын тауып жазылған. Автор шығармасында бұрын естілмеген жаңа сөздер легі жетерлік. Дегенмен тілге жеңіл, түсінуге оңай. Туындыда түсініксіз өрбитін оқиғалар желісі мүлде кездеспейді. Оқырманын басынан бастап соңына дейін өзіне еліте кететін романдардың бірегейі. Мұның сыры жазушының ұшқыр ойы, терең ізденісі мен еліне, жеріне деген сүйіспеншілігінде болса керек. Мұхтар Мағауин өзінің бір сөзінде: «Аласапыран» менің туындыларымның ішіндегі, ең бір жолы ашық роман болды», - деп айтқан еді. Ол қандай шығармасын болмасын еркін, көсіле жазады. Мұндай құнды роман әп-сәтте жазыла салған жоқ. Ол біраз уақыт пен ізденісті талап етті. Сондықтан болар, туынды - бүгінгі күні ұлттық сананың ұйытқысы болып отырған құнды қазына. «Аласапыран» романы - замана шындығын шыңдаған күдіретті шығарма. Қазақ әдебиетінің, тарихының мерейін үстем еткен туынды.

Маржан СӘБЕТ,
журналистика факультетінің 2 курс студенті

Жуырда «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында өткізілетін жалпыуниверситеттік «Бір факультет — бір кітап» байқауы шеңберінде заң факультетінде мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының доценті, з.ғ.к. Н.Қ. Мынбатырова, доцент, з.ғ.к. Г.Р. Үсейінова және 204-топ студенттерінің ұйымдастыруымен «Әл-Фарабидің трактаттарындағы саяси-құқықтық ой-толғамдар: өміршеңдігі, өзектілігі және маңызы» атты шығармашылық кеші өтті.

Өміршең туынды

Кештің негізгі мақсаты - әлемнің екінші ұстазы, ұлы философ, өз заманының заңғар тұлғасы әл-Фарабидің шығармаларын оқып, ондағы саяси құқықтық көзқарастарды жетік меңгеру, тану, ой елегінен өткізу. Шығармашылық шараға әл-Фарабидің "Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары" трактаты және «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері» таңдап алынды. Кеш барысында Маржан Сәлдебаева трактаттың жазылу тарихына байланысты өз ойын ортаға салды. Еңлік Бірімқұл трактат бойынша қатысушыларға викториналық сұрақтар қойды. Трактатқа қатысты қойылған сұрақтарға студенттер жауап беріп, арнайы сыйлықтарға ие болды. Сондай-ақ студенттер Б.Серікбаева, С.Жарылғапова, А.Жарарова, А.Тілеуқұлова, М.Маматай қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары бойынша көрініс қойып, олардың бақыт туралы ұғым-түсініктерін бүгінгі күнгі өмірде кездесетін құбылыстармен сабақтастырды. Ал студент Қамбар Бағдат әл-Фарабиге арнау оқыды. Кеш соңында кафедра меңгерушісі, з.ғ.д., профессор Г.Р. Үсейінова, з.ғ.д., профессор А.С. Ибраева, з.ғ.д., профессор З.Ж. Кенжалиев, факультет деканының тәрбие ісі бойынша орынбасары Б.А.Шопабаев сөз сөйлеп, кеш туралы өздерінің жылы лебіздерін білдірді.



Дамира ҚҰЛЫНТАЙ,
заң факультетінің 204-топ студенті

Бетті жүргізген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының кітапханашысы Шынар МҰҚАШЕВА

Студенттер сарайында 6 наурызда Халықаралық өйелдер күніне арнап ҚазҰУ жігіттері дайындаған мәрежелік концерт өтеді

Қыздар

Көктемнің гүлдері ме едіңдер?
Бұлбұлдың үндері ме едіңдер?
Тамыздың түндері ме едіңдер?
Шілденің күндері ме едіңдер?!

Шалқыған кезіме енген,
Сұлу ма едің туған көрік?
Сиқырлы сезімдер ме едің?
Кеудеме тұнған келіп.

Толқынды ағындар ма едің?
Қып-қызыл жалындар ма едің?
Ақ шағыл жатар құшып,
Шашылған сағымдар ма едің?

Дауыл да болдың желдетіп,
Жауын да болдың селдетіп.
Ұйықтатбай мені жүрдіндер,
Жүрдіндер мені тербетіп.

Толқытқан мені құшқан күн,
Тулаған толқын төсіңнен.
Әуеніне еріп құстардың,
Ән болып кетем сосын мен!

Қуанәлі АЛМАСБЕКҰЛЫ,
журналистика факультетінің
3 курс студенті



Ару

Көкжиектің төгілген қолаң шашы,
Елітеді өзіне бұл әлемді.
Табиғаттың керілген қиғаш қасы,
Тіршілікке таратар жыр сәлемді.

Көктем лебі еседі қыраттардан,
Шабыт кернеп санамның толғанысын.
Жылғалар жымыңдап сыр ақтарған,
Жасыра алмай уақыттан таңғалысын.

Наурызда өзгеше нәр бергенмен,
Бұл ғаламда айтулы бір күнім бар.
Шымылдығын дүние кер түргенмен,
Жаратқаным жар болсын, бек үнің жар.
Балбырасын сезімге алма мойын,
Сұлу күнге өптірсін маңдайыңнан.
Шаттықпенен өткеріп ойын-тойын,
Бұлбұл әні естілсін таңдайынан.

Гүлі толып құшағы күлімдеген,
Ақ жауындай төгілсін ақ тілектер.
Басқан ізі жүргенде білінбеген,
Ақ парақтай көңілі пәк жүректер.

Өз арнасын өмірден тура тауып,
Асыл жандар жер бетін мекен еткен.
Аспаннан Алаштың моншақ жауып,
Бал-бақытты арқалап жерге жеткен.

Бармақтай бақ дарыған әр қазаққа,
Дәптеріне тағдырдың жазылған сый.
Біз тұрғанда қалмаспыз еш мазаққа,
Қуаныштан ағызған жасыңды тый!

Мұхтар СЕРЖАН,
филология, әдебиеттану және
әлем тілдері факультетінің 2 курс студенті



Тай қып мініп таяғыңды кеттім мен (Әжеме)

О, Тәңір, өткен күнге өкпеміз не?
Елестер сүңгіп кеткен көк теңізге.
Әжетай, Әжетай күн сап қарап, үн қатасың,
Тай қылып таяғыңды кеткен ізге.

Кеткен ізден басталды керуен ғұмыр,
Енді маған арпалыс, кеудем дүбір.
Сағыныш боп самал жел есіп өтті,
Көкірегімнен көктеген тербелді гүл.

Алқызыл нұр, ақ аспан, сұлу кескін,
Мен даланың ғажайып қырында өстім.
Беу, жүрегім, бебеулер сол үн қайда?
Маған ұшып жететін іңірде кештің.

Үн тынатын аспанға жете бере,
Сол үн тыныс сыйлайтын сәбиге де.
Егілетін сол үнге ессіз дала,
Телінетін жетім лақ жат енеге.

Жетер деп жаным Әже шақырам кеп,
Ертекеп тағы бір таң атырар деп.
Кейде сен ұйықтап жатқан топырақта,
Томпаң даған сәби боп отырам көп.

Сол әйтеуір, тар кеудені қыстайды арман,
Сең ғайыпсың оралмас құсқа айналған.
Мен жырақпын туған жер топырағынан,
Мұның бәрі тәп-тәтті түске айналған.

Кім сезер, жүрегімнің дүрсілін жүз?
Сарғайтты-ау сарғалдақтың бүршігін күз.
Сен салатын байырғы сол әуенді,
Сыңсып айтып барады бір сұлу қыз.

Бір қуаныш таптым-ау көптен іздеп,
(О, тәйір, өткен күнге өкпеміз не?)
Көзімді ілсем тұрасың күн сап қарап,
Тай қылып таяғыңды кеткен ізге.

Ерзат АСЫЛУЛЫ,
журналистика факультетінің
1 курс студенті

Суреттерді түсірген **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**

“МЕН ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫНА ҚАЙРАН ҚАЛАМ...” немесе Ер жігітке қандай қыз ұнайды?

Бұл сұрақты ақыл-ой таразысына салып, қорытынды айту керек шығар. Адам нәпсіге ергіш болғандықтан, бірінші көздің алдауымен кез келген дүниені қызыға өзіне тарта бастайды. Ер азаматтар да бірінші қыздың ақылынан гөрі, сұлулығына тамсанып, таңданып жатады. Жігіттер жағы ақылды, салмақты, ақ көңіл, ашық мінезді, ерке, қылықты, ұялшақ, тіл алғыш, ер мінезді, еркекшора деп аруларды өзінің табиғатына қарап бөліп жатады. Кім қалай десе де, қыздың сұлулығын да, ақылын да, бар қабілетін де сақтайтын – оның мінезі. Көп жігіттер қыздың психологиясын жан-жақты зерттейді. Ол – шынайы құбылыс. Зерттеу сәтті аяқталғанда ғана жігіт қызды өзіне шын жақын тарта алады. Бұл жерде жігіттің қызға деген сезімінің өзі төтеп бере алмайды, тек шынайы қорытынды ғана өз аруына жеткізеді. Ең бастысы, қыз – ертеңгі ана, аяулы жар, отбасының ұйытқысы, шаңырақтың шырағы, лайым осы киелі тұтастықтың үндестігін аруларымыз естен шығарып алмаса екен?! Ал біз бүгін «Ер жігітке қандай қыз ұнайды?» деген тақырыпта сауалнама ұйымдастырған едік, ой-пікірлерді бірге оқып шығайық.



Нұрмат ТҮНҒАТАРОВ,

механика-математика факультеті деканының орынбасары, доцент:



- Әлбетте, ең бірінші, ер жігіт қыздың сыртқы келбетіне қарап ұнатады. Кейіннен танысып, білісіп, сырласып, ішкі жан-дүниесіне үңіле келіп, қорытындыға келгенде, өзіндік ой түйеді. Міне, одан әрі қарай ер жігітке қыздың ұнау, ұнамау сезімдерінің пайда болуы осы кезден бастап ажыратылады. Егер қыз сұлу болса, бірақ ішкі жан дүниесі сол сұлулыққа сай келмесе, мәселен, ол қыздың мінезі, қылығы, істеген іс-әрекеттері, бәрі-бәрі жағымсыз көрінсе, жігіт ол қыздың сұлулығын сол сәтте-ақ ұмытып, бір сәтте “тастап” кетеді. Бұдан келетін қорытынды, көз тек алдаушы ғана... Ал адамның жанын тану тереңдікті талап етеді. Адам жанының бір-біріне үйлесуі ғана шынайы сезімдердің шырағын тұтатады, қыз бен жігіттің екі жарты, бір бүтін болуына дәнекер болады. Көбінде ауылдың жігіттері қазақы дәстүрді сақтап, тегіне, дініне, мәдениеті мен жандүниесіне қарап, қыз таңдайды. Өйткені ауыл мәдениеті қазақтың құты қашпаған шынайы мекен десек, ауыл жігіттері әке-шеше, туған-туыс, дос-жаранның көзқарасымен қыз таңдап, болашағы үшін үлкен оймен келін түсіреді. Бұл бір жағынан алғанда дұрыс шешім. Қыз таңдап, келін түсіру – бір шаңырақтың шырайын кіргізеді, егер жартың жаныңды түсінбесе, шаңырағыңның шырағын кетіріп, шырқын бұзады.

Енді сұраққа нақты жауап келтірейік, жігітке ең бірінші өзін түсінетін, сыйлайтын, бағалайтын, ақылын айтып, жол көрсететін қыздар ұнайды. Көбіне жігітке ақыл қосып, кеңес беріп, бағыт сілтеп бағалайтын, ол үшін шын көңілін арнайтын арулар ұнайды. Шыны керек, жігіттерді көбіне осы қасиет, сұлулықтан тыс, жеңіп кететінін жасыра алмаймыз. Барша аруларымызды келіп отырған 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын!



Досжан Балабекұлының фотосы

Мейіржан КЕЛЕМЕДЕНОВ,

журналистика факультетінің 1 курс студенті:

- Ер жігітке қандай қыз ұнайды? Осы сұрақты әр жігітке қойғанда инабатты, тәрбиелі, бет әлпетіне емес, жүрегіне қараймын деген секілді жауап аламыз, алайда олай емес екенін әр жігіт іштей біледі. Қызды көргенде қай еркек болсын, ең алдымен, бет-әлпетіне қарайды, кейін, бірақ жоғарыда айтылып өткен сипаттамаларға сәйкес мән береді. Дегенмен әр жігіт өзінің қызының тәрбиелі, жүрегінде иманы бар болғанын қалайды. Бірақ мына заманда ондай қыздардың азайып бара жатқаны жаныңа батады. Бұл менің көпке топырақ шашқаным емес, көзбен көріп жүргенімді айтып отырмын. Бұл менің жеке субъективті пікірім...



Бағдат ҚАМБАР,

заң факультетінің 2 курс студенті:

- Құмарлыққа, нәпсіге салынатын ерлер үшін арсыз, жеңілтек, арын сақтамайтын қыздар сұлу болып көрінетін шығар. Нағыз ер жігіт қарапайым болады, оның сүйіктісі, яғни қыз бала қарапайым болу керек, қос жүрек бір-бірін сонда ғана ұғысады. Ер жігітке иманы биік, ұяты күшті қыздар ұнайды. Ер баласы өз ұлының иманды болып ер жеткенін қалайды, ер жігітке пәк, ары таза қыздар ұнайды. Олардан дүниеге келген бала да ертең ата-анасының жолын жалғайды. Мейлінше, қыздың адалдығы мен ары жігіт үшін әрқашан маңызды.



Ерназар КАПАРОВ,

биология және биотехнология факультетінің 4 курс студенті:

- Жер беті адам баласының тіршілік етуіне лайықталып жасалғандай. Жыл мезгілдерінің төрт кезеңге бөлінуі мен табиғи өнімдерінің өсуіне қараңыздаршы. Ұққан жанға талай сыр, қатпарлы құпия жатыр. Сондай дәлелді белгілердің бірі – әйел жаратылысы. Әдебиетіміздің асқар тауы Абай Құнанбайұлы: «Әйел адам – гүлмен тең», – дейді сырлы да шыншыл өлеңдерінде. Бұл дүниенің сұлулығынан бөлек Алла тағала Әйел-Анаға ерінің сенімді серігі, жан жолдасы болу бақытын бұйырыпты. Діни аңыздарда айтылатын Адамның қабырғасынан жаратылған Хауа ананың ізбасарлары – бәріміздің Анамыз, Әйеліміз, Қарындасымыз, Қыздарымыз. Аруларымыздың қабағының ашық болуы ер азаматқа үлкен сын екенін ұмытпауымыз керек.



Бетті дайындаған Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

ҚҰРЫСТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИА АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілшілер. Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай: kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
“Гамма-принт” баспаханасында (Райымбек даңғылы, 369) басылды.
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 270

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшірліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.